

**"Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 371 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 593 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 371 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А.Мамин*

**"Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 371 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 371 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі Қайрат Ермекұлы Омаровқа Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*